



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



*Әдебиеттанушы-ғалым,  
Қазақстанның құрметті педагогы,  
«Білім беру саласының үздігі»,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдасстырылған профессор*  
**ҚАЛҚАБАЕВА СӘЛИМА ӘБДІРАМАНҚЫЗЫНЫҢ**  
**60 ЖАСҚА** толуына арналған  
**«ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ  
МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»**  
*атты республикалық ғылыми-әдістемелік онлайн  
конференциясының материалдары*

**А.О. ТЫМБОЛОВА**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қаласы*

## **СӘЛИМА ҚАЛҚАБАЕВАНЫҢ ҒАЛЫМДЫҚ, ӘДІСКЕРЛІК, ҰСТАЗДЫҚ КЕЛБЕТІ**

Орыстың атақты ғалымы М. Ломоносов «Ең үлкен университет – адамдармен қарым-қатынас» деген екен. «Адам дегеніміз құпия. Оның сырын ашу үшін бар өміріңді сарп етсең де өкінбе», – депті Ф. Достоевский. Олай болса, айналаңдағы адамдармен жақсы сыйластықта болу, олар туралы жақсы сөз айту, ал ол бір салада жүрген қызметтес замандасың болса, еңбектерін бағамдау, әріптестік ниетпен пікір білдіру де парыз болмақ.

Біз бұл мақаламызда осындай әдебиет атты айдынның қайнарынан қанып ішкен, өзінің ақыл-парасатымен, үздіксіз ізденісімен оқытушылық-ағартушылық міндетін абыроймен атқарып жүрген құрметті әріптесіміз Қалқабәева Сәлима Әбдіраманқызының ғалымдық, әдіскерлік және ұстаздық тұлғасы туралы сөз қозғамақшымыз.

Сәлима Әбдіраманқызы 1985 жылы Е.Букетов атындағы ҚарМУ-ды бітіреді. Ғылымға деген құлшынысын 1994 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аспирантурасын, 2005-2008 жылдары докторантурасын бітіргендігінен көруге болады. Ең алдымен тынымсыз ізденістерінен туған ғалымдық қырына тоқталайық:

1995 жылы қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «Ә.Нұршайықов шығармаларындағы адамгершілік ізденістер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Өзінің де өн бойынан адамгершілік қасиеті есіп тұратын жас ізденуші тақырып таңдауда адаспаған сияқты. Кейін бұл зерттеуі 2004 жылы шыққан «Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер» монографиясына енеді.

Ғалым Сәлима Қалқабәеваның әдебиеттану саласындағы зерттеуін тоқтатпастан жалғастыра түскендігін, көркем шығарманың тың аспектілерін зерттеуді кеңейте түскендігін «Көркем шығарма поэтикасы» (2019) атты монографиясынан көреміз.

Автор бұл зерттеуінде поэтикалық тілдің жалпы дүниені образ арқылы суреттейтін, адам ой-санасына сурет салу арқылы эсер ететін, сезімдік-танымдық болмысты қамтитын айрықша күрделі құбылыс екендігін жан-жақты қарастырып, қазақ әдебиетіндегі поэтикалық ізденістер мен көркемдік жүйені саралайды. Қазақ ғалымдарының әдебиет поэтикасы жөніндегі жаңаша пайымдауларын зерделейді. Поэтикалық мәтіннің негізгі түсінігі болып эстетикалық жүйе ретіндегі сыртқы формасы – әлемді поэтикалық тұрғыдан тану болса, образды ашудағы ішкі формасы – эстетикалық табиғатын бағамдау болып табылатындығын көрсетеді.

Автор монографиясының «Туындыгер және Даралық» атты бөлімінде Ә.Нұршайықовтың өзіндік дара қолтаңбасын талдайды. Өмірдің ақиқат тұстарын, гуманизмді насихаттайтын жазушылар болады. Ә.Нұршайықов сондай суреткер. Осыны жіті аңғарған ғалым суреткердің бүкіл қолтаңбасын ар ілімі болып саналатын әдебиеттегі адамгершілік мәселесімен ұштастырады. Әзілхан Нұршайықовтың повестері лирикалық сипатта деп танып, тарата тәпсірлейді.

Әзілхан Нұршайықов прозасының поэтикасын зерделеуден бастаған ғалым, жазушының жанрлық-стильдік даралығын, романдарындағы образдар жүйесін, қаһармандық мұратты, дәйектілік пен деректілікті айқындайды.

Батырлық пен адамгершіліктің ғажап үлгісіне айналған гуманист-жазушы Ә.Нұршайықовтың өзінің бойындағы адалдық, кішіпейілдік, мейірімділік, әдептілік, отаншылдық, ерлік, көпшілдік, достыққа, махаббатқа тұрақтылық қасиеттері кейіпкерлерінің бойынан көрініс табатындығын еңбегіне арқау етеді. «Жазушының қандай шығармасын алсаңыз да басты кейіпкерлерінің жан иірімінен аңқып тұрған адалдықты, мөлдіреген рухани тазалықты бірден аңғарасың. Шығарманы оқып отырып, өзінде сол адамдардай парасат иесіне айналғың келеді. Бүгінгі замандастардың бойынан сондай асыл қасиеттерді іздей бастайсың», – деп автор суреткердің қазіргі жас ұрпаққа үлгі боларлық асыл қасиеттерін жарқырата көрсетіп, оның шығармаларын бүгінгі күннің қажеттілігіне айналған құнды дүниелер деп бағалайды.

Сондай-ақ Ә.Нұршайықовтың эстетикалық талғамы мен пайым-парасатын айғақтайтын образдар галереясын (Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Хамза Ақжолов, Махмет Қайырбаев, Мәншүк Мәметова) тудырудағы шеберлігін анықтайды. Жазушының осы тұлғалардың бейнесін майдан қыл суырғандай етіп шынайы суреттегенін баса көрсетеді.

Соғыс көріп, қан майданнан оралған жазушының жібектей есілген жанынан туған шығармалары жастарды қаһармандық рухта тәрбиелеуге, игі мұраттарға жетелеу ниетінен туғандығын айғақтайды. Ал мұның бүгінгі күннің тарихын болашақ үшін айқындап беруде маңызы әрине зор. Автордың мақсаты да осы еді.

Бүгінде қоғамдық ғылымдардың байланысын тілдік тұлғалар арқылы ұлт санасымен ұштастыра қарастыратын бағыт, әдеби тілді дамытушы жеке тұлғаның ерекшелігін когнитивтік және мәдениеттану аясында зерттеу арқылы оның терең қырларын ашуға өз септігін тигізуде. Осы орайда ғалым аталмыш монографиясының «Көркем туынды және шығармашылық тұлға» бөлімінде шығармашылық тұлғалардың ішкі әлеміне тереңдеп, көркем туындылары негізінде қарастырады. Автор: «Қай кезде де әдебиеттің негізгі нысаны – адам, оның ішкі әлемі», – дей отырып, ұлттық әдебиеттің дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбектерін талдап-таразылап, тұлғатану мәселесіне де қалам тартып, шығармашылық тұлға болмысының маңыздылығын көрсетуге күш салады. Бұған «Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-әдеби шығармашылығы», «Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ұлттық нақыштар», «Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы шығармашылық тұлғалар» атты және т.б. көлемді зерттеулері дәлел.

«Көркем шығарма поэтикасы» монографиясының «Поэтика саласындағы зерттеулер» бөлімінде қазақ ғалымдарының әдебиет поэтикасы саласындағы жаңаша зерделеулері қарастырылады. Айталық, қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен тартып, оны тарихи шындық арқылы өре білген, ұлттық әдебиетіміз бен руханиятымыздың ірі тұлғасы Тұрсынбек Кәкішұлы; поэтика саласында мықты әдістанымдық зерттеулер қалдырған Б. Майтанов; қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр мен ұлттық ерекшеліктерге өзіндік таным тұрғысынан қарай білген ғалым Қ. Әбдезұлы;

шығармашылық тұлға болмысын герменевтикалық талдаулар арқылы шебер талдайтын проф. Ж. Дәдебаев; шетел қазақтары әдебиетін зерттеген З. Сейітжанұлы; сонау XVIII ғасырдан бастап қазақ әдебиетінің тарихилығын зерттеген Ж. Тілепов; өнердің асыл тегі әдебиетті қастерлеп, әдеби шығарманы зерттеудің жаңа бағыттарына батыл барып жүрген әдебиеттанушы Р. Әбдіқұлова; мифология, әдебиет тарихы және топонимастика мәселелерін зерттеп жүрген фольклортанушы А. Пангереев туралы зерттеулерінен ғалымның өзіндік терең пайымдауларын байқаймыз. К. Айдарбекованың «Әкеге құрмет», «Анаға тағзым» атты кітабы туралы үзік ой білдіруі; жазушы-ғалым, болмысы дара Байтанаев туралы мөлдірете жазған эсселері өз алдына бір төбе.

**Әдіскерлік және ұстаздық қыры.** Біз Сәлима Әбдіраманқызымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ тілі кафедрасында 1998-2003 жылдары бірге қызмет еттік. Сол жылдары әріптесіміздің өз ісіне өте мұқият қарайтындығын, тіл тағдырына бей-жай қарамайтын ұлтжандылығын байқадық. Оның дәлелі ретінде рухани тамырын ана тілінің тереңінен тартқан ғалымның мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік базасын қалыптастыруға да өзіндік үлес қосқандығын айтуға болады. Тіл үйретуде қазақ тілі мамандарының қиналған тұстары да болды. Сабағын шығармашылық ізденіспен жүргізуге дағдыланған әрбір маманның бұлай ізденуі де заңды еді.

Бұл орайда әріптесіміз, тілді үйретудің тетігі мықты әдіснамалық негізде екендігін ескеріп, «Қазақ тілінде ресми-іс қағаздар үлгілерін оқыту» (1999), «Қазақша-жапонша тілдескіш» (2002), «Қазақ тілі сабақтары» оқу-әдістемелік құралы (2003) атты еңбектерін жазды.

Қазақ тілін мамандыққа бағыттап отырып, үйретуде бұл еңбектердің оқу үдерісіне қажеттігі даусыз еді. Өйткені жаңа әдістәсілдермен оқыту талабына сай жазылған еңбектер ауадай қажет еді.

Дамыған елдер жетістікке алдымен терең де бірегей білім беру жүйесінің арқасында қол жеткізетіндігі даусыз. Яғни ұлттық білім беру жүйесін заманауи талаптармен толықтыру, жетілдіру ісіндегі бірегей өзгерістерді насихаттауда білім

саласындағы мамандарға зор жауапкершілік жүктелері сөзсіз. Осы жауапкершілікті жете сезінген ғалым пәнді игертудің тетігі – әдіс-тәсілдерде екендігін, соларды бүгінгі білім беру парадигмасына бейімдей оқыту уақыт талабы болып отырғандығын жіті бағамдап, теория мен тәжірибені ұштастыруды мықтап қолға алады. Олай болса, ғалымның қазақ әдебиетін зерттеу мен оқытудағы ғылыми ұстанымдарына тоқталайық.

Ғалым білім беруде құзыреттілікке және тәжірибеге бағдарланған іс-әрекет қана жаңа типтегі адам ресурстарын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін терең түсінеді. Ал құзіреттілік тәжірибемен келеді. Осыған орай өз саласы бойынша әдебиетті оқыту әдістемесінде де тың ізденістер жасайды. Мысалы, әдебиеттану пәндерін оқытуда білім алушыларға зерттеу әдістерін меңгертудің маңызы зор екендігін ескерген ғалымның өз тәжірибесінде қолданатын мынадай әдістерін атап көрсетейік:

Әдебиеттану пәндерінде ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімдей оқыту.

Бүгінгі таңда алдымыздағы әлеуметтік-рухани даму ғасырына дайын болу үшін бәсекеге қабілетті тұлға дайындау бірінші кезекте тұрғандығы рас. Ол ұлағатты ұстаз ретінде бүгінгі оқытушының дәріскер ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылыққа бағыттаушы болуы тиіс екендігін ескертіп, ең алдымен білім алушылардың барлық ғылым саласына ортақ жалпы ғылыми әдіс түрлерінен, яғни салыстыру, талдау, жалпылау, синтез, индукция мен дедукция, классификациялау мен жүйелеу, генетикалық әдіс сияқты түрлерінен хабардар болуы тиіс деп көрсетеді.

Қазіргі әдебиеттану әдіснамасында көркем шығарманы игерудің талдау, интерпретация, бағалау сынды үш түрі қолданылатындығын, т.б. талдау түрлерін тәптіштеп түсіндіреді. Айталық, көркем әдебиетті зерттеуді бірнеше аспектіде қарастыруда гнесологиялық тұрғыдан келу, әлеуметтік тұрғыдан қарастыру, эстетикалық тұрғыдан келу, поэтикалық тұрғыдан зерттеу, коммуникативтік тұрғыдан келу, тарихи-мәдени тұрғыдан қарастыру, тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу, биографиялық тұрғыдан қарастыру, шығармашылық-генетикалық зерттеу,

тарихи-функциональды, рецептивті зерттеу, аксиологиялық талдау түрлерін көрсетеді.

Соңғы онжылдықта әдеби шығарманы зерттеуде төмендегідей зерттеу әдістерінің, құрылымдық талдау, мәтіндік талдау, семиотикалық талдау, стилистикалық талдау, көркемдік концептілерін, құндылықтары мен даралығын анықтау көрініс алуға екендігін бағамдайды. Жоғарыда көрсетілген ізденістерден басқа көркем шығарманы қандай да бір нақты ғылыммен байланыста қарау сияқты жеке ғылыми ізденістер де туындап отыр дей келе, лингвистикалық талдау, психологиялық әдіс, мифологиялық әдіс, этикалық және культурологиялық әдістерді саралайды. Заман талғамына сай туындап отыратын мұндай жаңа әдіс-тәсілдерді жас ізденушілерге меңгерту ғылыми методологияны оқытуды тереңдетуді, әрі оқыту әдістерін жаңашаландыруды, білім беру ісінде креативтілікті арттыруды қажет етеді деп түйіндейді.

Сондай-ақ ең алдымен білім алушыларды зерттеушілік ізденіске дағдыландыратын оқыту әдістерінің бірі – сын тұрғысынан ойлау дағдысын қалыптастыруға күш салу керек дейді. Демек сын тұрғысынан ойлаудың қазіргі таңдағы талаптарға сай шығармашылық, ізденушілік сияқты қасиеттерді бойына дарытқан білімді жеке тұлғаны тәрбиелеудегі алатын орны ерекше деп көрсетеді.

Әдеби шығарманы эмпирикалық деңгейде зерттеудің әдістері. Әдеби шығарма – күрделі әлем болғандықтан, оның табиғатын тануда тақырып пен идея, композициялық құрылым, мазмұн мен пішін бірлігі, образ бен образдылық, жинақтау мен даралау, тип пен характер, бейнелеудің құралдары, баяндау мен көркем тіл сияқты суреткер шеберлігін танытатын мәселелерді талдау да оңай шаруа емес. Бұл орайда ғалым әдеби шығарманы зерттеудің эмпирикалық деңгейінде ең жиі қолданылатын анализ бен синтез әдістеріне жете тоқталады. Әдеби шығарманы осындай теориялық негіздерге сүйене отырып талдап оқу ізденушінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға жетелейді деп тұжырымдайды.

Әдебиетті оқыту арқылы кәсіби құзіреттілікті меңгерту. Автор филологиялық білімнің теориялық негіздерін интерпретациялай алатын терең кәсіби білімі бар маман құзіреттілік дағдыларына ие болуы тиіс дей келе, мұндай кәсіби құзыреттілікті танытатын компоненттердің (ақпараттық, коммуникативтік (қатысымдық), әлеуметтік, функционалдық, когнитивті, жүйелі, мотивациялық, рефлексиялық, метакүзіреттілік, т.б.) әдебиетті оқыту арқылы іске асатынын дәлелдейді.

Әдебиеттің эстетикалық, танымдық, қоғамдық, тәрбиелік, пайымдық, дүниеге көзқарасты қалыптастырушылық сияқты қырларын меңгеру адресат санасында эстетикалық талғамды, сезімдік түйсіктерді дамытатыны даусыз.

Демек, әдебиет пәнін оқыту үдерісінде жиі қолданылатын әдеби үдеріс, көркем шығарма, образ характері төңірегіндегі пікір сайыстар, сұхбаттасулар, ой бөлісулер сияқты қарым-қатынастық диалогтарды жүргізе білу коммуникативтік құзіреттілік дағдыларын қалыптастыратынын санамалап көрсетеді. Бұл реттегі әдебиетті зерттеу мен оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін ұсынудағы бағыт-бағдары да ғалымның ізденімпаздығының айғағы деуге болады.

Ұлттық мәдени-рухани кодты тани, аша түсуде ақын-жазушылардың көркем шығармаларын зерттей оқытып, оны меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін, білімділік, ізденушілік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын негізге алу заманауи талапқа сай болмақтығын баса көрсетеді.

Мінекей, әдіскер ғалымның еңбектерінде берілген тұлға бойында ұлттық сананың негізін қалыптастыруда, оның интеллектуалдық қабілетін дамытуда, рухани дүниесін байытуда көркем шығарманы зерттей оқытудың маңызы зор екендігіне тағы бір көз жеткізесіз.

С.Ә.Қалқабаяновтың шетелдік және республикалық басылымдардан жарық көрген ғылыми еңбектері, әдістемелік-оқу құралдары және ғылыми-танымдық мақалалары, эсселері, кәсіби-тәрбиелік құралдары оқу үдерісінде, мамандану пәндерінде қолданылып жүр.

Қысқасы, ғалымның әдебиет саласындағы ғылыми жетістіктер мен жаңа бағыттарды, заманауи үрдістерді тез игере



алатын, инновациялық идеялармен қаруланған, өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын дағдыларға ие, жаһандық сын-тегеуріндерге бейім маман дайындаудағы әдіскерлік, ұстаздық еңбегі зор деуге болады.

Қорыта келгенде, Ұлы Абайдың «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр» дегеніндей, адамның ғылымды игеруінен асқан бақыт жоқ шығар деп ойлаймыз. Сол жолда ақырын жүріп, анық басып, асқаралы алпыс жасқа толып отырған мерейтой иесін шын жүрегімізбен құттықтаймыз. Білікті маман, ұлағатты ұстаз, қаламы қуатты ғалым атанған әріптесіміздің деніне саулық, отбасына амандық, шығармашылық еңбегіне табыс тілейміз.

Ғалымның Қазақстанның құрметті педагогы, «Білім беру саласының үздігі», филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор атағынан өзге де биіктерді бағындыра беруіне тілектеспіз.

## МАЗМҰНЫ

Өмірбаяндық деректері .....	4
Ғылыми-әдістемелік еңбектері .....	5

### Пленарлық мәжіліс баяндамалары

<i>Сейітжанов З.Н.</i> Бағалы еңбек .....	11
<i>Мәдібаева Қ.</i> Тұлғатанудағы толымды еңбек .....	19
<i>Тұрысбек Р.С.</i> Көркем әдебиеттегі адамдық борыш пен адамгершілік мұраттар .....	26
<i>Тымболова А.О.</i> Сәлима Қалқабаеваның ғалымдық, әдіскерлік, ұстаздық келбеті .....	37
<i>Пангереев А.Ш.</i> Көркем шығарма және туындыгер мұраты .....	45
<i>Г.Ж. Орда.</i> Әдебиеттанушы ғалымдар туралы шығармашылық портреттер .....	51
<i>Ержанова С.Б.</i> Ғалым зерттеулеріндегі әдебиеттің аксиологиялық аспектілері .....	58
<i>Болатова Г.Ж.</i> Салима Калқабаева – исследователь художественного мира современной казахской литературы .....	63
<i>Қайырбеков Ә.</i> Әзілхан әлемі: көркемдік Сырын зерделеу .....	71
<i>Нұрпейісов Н.Ж.</i> Әдебиеттанушы ғалым Сәлима Қалқабаева зерттеулеріндегі поэтикалық таным .....	77
<i>Мауленов А.</i> Әдебиеттанудағы соны зерделеулер .....	88
<i>Ералы Е.</i> Әдебиеттануға қосылған сүбелі еңбек .....	95
<i>Тоқтагазин М.Б.</i> Поэтиканы пайымдаған зерделі зерттеуші .....	102
<i>Қамарова Н.С.</i> С. Қалқабаева зерттеулеріндегі әдеби-танымдық пайымдау .....	111
<i>Қияқова Р.Ж.</i> Биік белестерді бағындырған ғалым .....	116
<i>Елшібаева Ә.Қ.</i> Сан салалы соқпақ. Саликалы ғұмыр .....	119
<i>Шортанбай Ш.А.</i> Ұстаз. Ғалым. Тәлімгер .....	125
<i>Нәжіп Ж.Қ.</i> Ұстаз ұлағаты .....	130
<i>Есімбекова А.А., Сатымбекова Ж.Н.</i> Көркем шығарманы талдауды үйрететін құнды еңбек .....	133
<i>Дадашева Г.Р.</i> Ізденімпаз зерттеуші .....	139

### Әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен әдебиетті оқыту әдістемесі

<i>Абдуллина А.Б.</i> Әбу насыр әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында» еңбегіндегі бақыт категориясының мәні турасында .....	145
---	-----